

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕРДІҢ ДЕҢГЕЙІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Бұл мақалада Ақтөбе облысы бойынша 2011-2015 жылдар аралығындағы қатерлі ісіктердің деңгейі мен құрылымына жүргізілген ретроспективті талдау нәтижелері келтірілген. 2015 жылы қатерлі ісік аурушаңдық көрсеткішінің 1,1 есеге жоғарылап, өлім көрсеткішінің 1,3 есеге төмендегені, қатерлі ісіктің I-II сатысында анықталғандар үлесі 2%-ға, кеш сатысында анықталғандар үлесі 1,2%-ға және 5 жылдық өміршеңдік көрсеткішінің 1,1%-ға артқаны анықталды. Қатерлі ісік аурушаңдығы құрылымында алғашқы орындарда сүт безі, өкпе, асқазан, тері обырлары тұр.

Түйінді сөздер: қатерлі ісік, ерте диагностикалау, кеш диагностикалау, 5 жылдық өміршеңдік.

Кіріспе. Жылына қатерлі ісіктің 10 миллионнан астам жаңа жағдайы тіркеледі және олардың 8 миллионы көз жұмады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамы бойынша барлық әлемде 2020 жылға дейін қатерлі ісік аурушаңдығы және өлім көрсеткіші 1,5-2 есеге өседі. 2020 жылға қатерлі ісіктерден болатын өлімнің болжамды саны шамамен 12 миллионды құрауы мүмкін [2, 6].

Онкологиялық аурулар әлеуметтік-маңызды аурулар тобына жатқызылады, өйткені Қазақстанда өмірінде алғаш рет онкологиялық диагноз қойылғаннан кейін науқастардың 50 %-ы қайтыс болады [3].

Халықтың әл-ауқатының және өмір сүру ұзақтығының артуын, қатерлі ісіктерді ерте диагностикалау бағдарламаларының енгізілуін ескере отырып, обырдан сырқаттанушылықтың өсуінің үрдісі Қазақстан Республикасына да тән [1, 3].

Нақты статистика мәліметтері бойынша соңғы 5 жылдың ішінде Республикада қатерлі ісіктерден сырқаттанушылардың абсолюттік саны ұлғайды: егер 2010 жылы 29574 сырқаттанушы болса, 2014 жылдың аяғында олардың саны 34352-ге жетті. Аурушаңдықтың өсу тенденциясы салыстырмалы мөлшерде де байқалады. Қазақстан бойынша 2010 жылы аурушаңдық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 181,2-ні, ал 2014 жылы 198,7-ні құрады. Жыл сайынғы өсу темпі айтарлықтай жоғары, қатерлі ісіктермен ауыратын науқастар санының жыл сайынғы өсуі 5%-ды құрайды. Қазақстанда онкологиялық аурулардан өлім көрсеткіші тұрғындардың өлім көрсеткіші құрылымында жүрек-қантамыр жүйесі ауруларынан кейін екінші орынды алады. Қатерлі ісіктерден өлім көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 2010 жылы 108,93-тен 2014 жылы 91,36-ға дейін төмендеді [4].

Өлім көрсеткішінің азаюы, бірінші кезекте, қатерлі ісіктерді ерте сатыларда диагностикалаудың жақсаруына және емдеу нәтижелерінің тиімділігіне байланысты. Сонда да, бұл көрсеткіш әлі де болса дамыған елдердің көрсеткіштеріне жетпейді, өйткені обырдың кеш сатыларында өлімді болдырмау мүлдем мүмкін емес және болу қаупі әлі де жоғары.

Дамыған елдерде қатерлі ісіктерден өлім көрсеткішінің төмендеуі тиімді жұмыс жасайтын профилактикалық бағдарламалардың және обырды ерте анықтаудың жақсаруы есебінен, сонымен қоса жоғары сапалы емнің нәтижесінде болып отыр [5].

Зерттеудің мақсаты - Ақтөбе облысы бойынша қатерлі ісіктердің деңгейі мен құрылымына ретроспективті талдау жасау.

Зерттеу мәліметтері және әдістері.


2011-2015 жылдар аралығындағы Ақтөбе облысы бойынша қатерлі ісіктердің деңгейі мен құрылымына зерттеу жүргізілді. Қатерлі ісік аурушаңдығы, өлім көрсеткіші, қатерлі ісік аурушаңдығының құрылымы, қатерлі ісіктің ерте (I-II) және кеш (IV) сатысында анықталғандар үлесі және 5 жылдық өміршеңдік көрсеткіштеріне республикалық көрсеткіштермен салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеу объектісі - Марат Оспанов атындағы БҚММУ медициналық орталығындағы онкологиялық бөлімі. Зерттеу мәліметтері 2011-2015 жылдар аралығындағы халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы статистикалық жинақтарынан және 2015 жылғы Ақтөбе облысы бойынша онкологиялық көмек көрсету қызметінің қорытындысынан алынды. Зерттеу көлемі - соңғы 5 жылда (2011-2015 жж.) Ақтөбе облысында қатерлі ісіктер бойынша аурушаңдық және өлім көрсеткіштерінің барлық тіркелген жағдайлары.

Зерттеу әдістері: ақпараттық-аналитикалық және статистикалық.

Зерттеу дизайны: ретроспективті талдау

Зерттеу нәтижелері.

Зерттелетін жылдар аралығында Ақтөбе облысы бойынша қатерлі ісіктерден аурушаңдық көрсеткішінің жоғарылап, ал керісінше қатерлі ісіктерден өлім көрсеткішінің төмендеп жатқанын көруімізге болады. Облыста қатерлі ісіктен аурушаңдық көрсеткіші 2011 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 169,2-ден 2015 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 177,3-ке дейін өсті. Тек 2014 жылы қатерлі ісік аурушаңдығы 100 000 тұрғынға шаққанда 165,1-ке төмен болды. Ал қатерлі ісіктерден өлім көрсеткіші 2011 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 93,1-ден 2015 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 73-ке азайды. Ең жоғарғы өлім көрсеткіші 2013 жылы 100 000 тұрғынға шаққанда 101,2 болды (сурет 1).




Сурет 1 - Ақтөбе облысы бойынша қатерлі ісік аурушаңдығы және өлім көрсеткіштері (100 000 тұрғынға шаққанда)

Ақтөбе облысы бойынша 2014 жылы барлығы 1345 (100 000 тұрғынға шаққанда – 165,1), ал 2015 жылы 1467 (100 000 тұрғынға шаққанда – 177,3) қатерлі ісікпен ауыратын науқастар тіркелді. Қатерлі ісік аурушандығы бойынша ең жоғарғы көрсеткіш Ақтөбе қаласында тіркелді, 100 000 тұрғынға шаққанда 203,9 болды. Одан кейін Хромтау (191,9), Мәртөк (172,2), Қарғалы (170,1), Алға (166,7) аудандары болды. Қатерлі ісік ең аз тіркелген аудан Байғанин ауданы. 2015 жылы Байғанин ауданында 24 жағдай тіркелген, яғни 100 000 тұрғынға шаққанда 104,8 болып отыр. Қатерлі ісіктен өлім көрсеткіштері бойынша облыста 2014 жылы 586 (100 000 тұрғынға шаққанда – 71,9), 2015 жылы 595 (100 000 тұрғынға шаққанда – 73) жағдай тіркелді. Облыс бойынша өлім көрсеткіші жоғары Ақтөбе қаласында тіркелген, 2014 жылы – 396 (100 000 тұрғынға шаққанда – 91,4), 2015 жылы 373 (100 000 тұрғынға шаққанда – 83,9) болды. Облыста өлім көрсеткіші жоғары аудандар: Әйтекеби (80,3), Мұғалжар (73,4), Ырғыз (72,4) аудандары. Өлім көрсеткіші ең аз тіркелген Байғанин ауданы болып отыр. 2015 жылы Байғанин ауданында 3 жағдай тіркелген, яғни 100 000 тұрғынға шаққанда 13,1 болды (1 кесте).

Кесте 1 - Ақтөбе облысының аудандары бойынша 2014-2015 жж. аралығындағы қатерлі ісік аурушандығы мен өлім көрсеткішінің көрсеткіштері (абс.сан және 100 000 тұрғынға шаққанда)


№	"Саламатты Қазақстан" денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштері	Қатерлі ісік аурушандығының көрсеткіші				Қатерлі ісіктен өлім көрсеткіші			
		2014 ж		2015 ж		2014 ж		2015 ж	
		абс. сан	100 000 тұрғ.	абс. сан	100 000 тұрғ.	абс. сан	100 000 тұрғ.	абс. сан	100 000 тұрғ.
	Қазақстан Республикасы	34352	198,7	36374	207,4	16241	93,9	15763	89,9
1	Ақтөбе облысы	1345	165,1	1467	177,3	586	71,9	595	71,9
2	Ақтөбе қаласы	842	194,4	906	203,9	396	91,4	373	83,9
3	Әйтекеби ауданы	26	99,8	32	122,3	15	57,6	21	80,3
4	Алға ауданы	59	147,8	67	166,7	23	57,6	21	52,2
5	Байғанин ауданы	15	65,4	24	104,8	3	13,1	3	13,1
6	Ырғыз ауданы	19	125,0	17	111,9	11	72,4	11	72,4
7	Қарғалы ауданы	24	141,2	29	170,1	7	41,2	8	46,9
8	Қобда ауданы	27	138,2	27	139,3	11	56,3	11	56,7
9	Мәртөк ауданы	55	177,5	53	172,2	33	106,5	20	65,2
10	Мұғалжар ауданы	92	139,3	93	139,3	20	30,3	49	73,4
11	Темір ауданы	48	128,7	46	122,5	21	56,3	23	61,2
12	Ойыл ауданы	17	89,6	22	115,9	11	58,0	11	58,2
13	Хромтау ауданы	64	153,5	80	191,9	3	7,2	13	31,2
14	Шалқар ауданы	57	123,4	71	152,8	32	69,3	31	66,7

2014-2015 жж. аралығында Ақтөбе облысында қатерлі ісіктер бойынша аурушандық құрылымында өзгерістер байқалады. 2015 жылы аурушандық құрылымында бірінші орында сүт безі обыры тұр, барлық обырлардың 15,6%-н (161) құрайды. Әрі қарай реттілік бойынша өкпе обыры - 14,9% (154), асқазан обыры - 13,5% (139), тері обыры - 12,6% (130), өңеш обыры - 11,1% (114), жатыр мойны обыры - 8,6% (83), жатыр - 7,7% (79), аналық без обыры - 6,3% (65), тік ішек обыры - 5,5% (57), тіл, ауыз қуысы және жұтқыншақ обыры - 4,6% (47) (сурет 2).




Сурет 2 - Таралуы бойынша қатерлі ісік аурушандығының құрылымы (абс.сан)

Қатерлі ісіктерді ерте диагностикалау сапасының маңызды көрсеткіші барлық анықталған қатерлі ісіктердің ішінде ерте сатысында анықталған қатерлі ісіктердің үлесі болып табылады. Ақтөбе облысында қатерлі ісіктердің ерте сатысында (I-II сатысында) анықталған науқастардың үлесі 2014 жылы 60,9%-ды, 2015 жылы 58,9%-ды көрсетіп отыр. Ақтөбе облысы бойынша қатерлі ісіктердің кеш сатысында (IV-сатысында) анықталған науқастардың үлесі 2014 жылы 9%, 2015 жылы 10,2% болды (сурет 3).



Сурет 3 - Ақтөбе облысында қатерлі ісіктердің сатысы бойынша алғаш анықталғандар үлесі (%)

Қатерлі ісіктерді ерте диагностикалау сапасының тағы бір маңызды көрсеткіштерінің бірі 5 жылдық өміршеңдік көрсеткіші болып табылады. Ақтөбе облысы бойынша қатерлі ісікпен ауыратын 5 жыл және одан жоғары өмір сүретін науқастардың үлесі 2011 жылы 52,8% болды. 2012 жылы бұл көрсеткіш 46,8%-дан 2014 жылы 46,3%-ға дейін төмендеді. 2015 жылы 5 жыл және одан жоғары өмір сүретін науқастардың үлесі 49% болды (сурет 4).



Сурет 4 - Ақтөбе облысы бойынша 5 жыл және одан жоғары өмір сүретін науқастардың үлесі (%)

Алынған мәліметтерді талқылау.

1. Ақтөбе облысында 2015 жылы қатерлі ісік аурушандығы 2011 жылмен салыстырғанда 100 000 тұрғынға шаққанда 1,1 есеге жоғарылады, ал қатерлі ісіктен өлім көрсеткіші 1,3 есеге төмендеді. 2015 жылғы республикалық көрсеткішпен салыстырғанда Ақтөбе облысында қатерлі ісікпен аурушандық көрсеткіші 1,2 есеге төмен, қатерлі ісіктерден өлім көрсеткіші де 1,2 есеге төмен екенін көрсетті.
2. 2015 жылы Ақтөбе облысының аудандары бойынша қатерлі ісік аурушандық деңгейі 2014 жылмен салыстырғанда артып келеді. Республика бойынша салыстырсақ Ақтөбе облысында аурушандық көрсеткіші төмен екенін көруге болады. Қатерлі ісік аурушандығы бойынша ең жоғарғы көрсеткіш Ақтөбе қаласында, Хромтау, Мәртөк, Қарғалы, Алға аудандарында тіркелген. Қатерлі ісік ең аз тіркелген аудан Байғанин ауданы. Қатерлі ісіктен өлім көрсеткіштері бойынша облыста ең жоғары өлім көрсеткіші Ақтөбе қаласында, Әйтекеби, Мұғалжар, Ырғыз аудандарында тіркелді. Өлім көрсеткіші ең аз тіркелген Байғанин ауданы екені анықталды.
3. 2015 жылы қатерлі ісіктердің жалпы құрылымында сүт безі, өкпе, тері, өңеш, жатыр және аналық безі обырларының үлесі артты, ал асқазан, тіл, ауыз қуысы және жұтқыншақ, жатыр мойны, тік ішек обырлары үлесінің азайғанын көруге болады.
4. 2015 жылы қатерлі ісіктердің ерте сатысында анықталғандардың үлесі 2014 жылмен салыстырғанда 2%-ға төмендеді. Ал 2015 жылғы республикалық көрсеткішпен (56,3%) салыстырғанда 2,6%-ға жоғары болып отыр. 2015 жылы қатерлі ісіктердің кеш сатысында анықталғандар үлесі 2014 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға жоғарылады, ал Республикамен (11,5%) салыстырғанда 1,3%-ға төмен.
5. 2015 жылы 5 жыл және одан жоғары өмір сүретін науқастардың үлесін 2011 жылмен салыстырғанда 3,8%-ға төмендеді, ал 2015 жылғы республикалық көрсеткішпен салыстырғанда 1,5%-ға төмен екенін көрсетті.

Қорытынды:

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді қорытындылайтын болсақ, Ақтөбе облысында соңғы жылдары қатерлі ісіктерден аурушандық көрсеткіші жоғарылап, қатерлі ісіктерден өлім көрсеткіші төмендеп келеді. Жалпы соңғы 2 жылмен салыстырғанда қатерлі ісіктердің аурушандық құрылымын ісіктердің ранглік реті сақталған. Қатерлі ісік аурушандығы құрылымында алғашқы орындарда сүт безі, өкпе, асқазан, тері обырлары анықталып отыр. Қатерлі ісіктерден аурушандық көрсеткішінің жоғарылауы және өлім көрсеткішінің төмендеуі ерте сатысында анықталған науқастар санының артуымен байланысты. Қатерлі ісіктерді ерте сатысында (I-II-сатысында) диагностикалау көрсеткішінің және кеш сатысында (IV-сатысында) диагностикалау көрсеткіштерінің өзгеруіне амбулаторлы-емханалық мекемелерде жүзеге асырылатын профилактикалық шаралар жүйесі (ауруды ерте анықтауға бағытталған скринингтік тексерулер) айтарлықтай әсер етеді. Сол сияқты қатерлі ісіктердің ерте сатысында анықтау 5 жылдық өміршеңдік көрсеткішінің жоғарылауына және науқастардың өмір сапасының жақсаруына мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байпейсов Д.М. Принципы онконастороженности и ранней диагностики злокачественных новообразований у населения Казахстана [Текст] / Д.М. Байпейсов, А.Ж.Жылкайдарова, Г.Д.Сейтказина и др. // Методические рекомендации для медицинских работников ПМСП. – Алматы: 2012. – С. 88-92.
- 2 В.И. Чиссова, В.В. Старинского, Г.В. Петровой Злокачественные новообразования в России в 2007. - М.: ФГУ МНИОИ им. П.А. Герцена Росмедтехнологий, 2009. - 244с.
- 3 Нургазиев К.Ш. Показатели онкологической службы Республики Казахстан за 2011 год / [Текст] / Нургазиев К.Ш., Сейтказина Г.Д., Байпейсов Д.М., Сейсенбаева Г.Т., Ажмагамбетова А.Е. Статистические материалы. – Алматы: 2012. – С.- 108.
- 4 Сауекенова, Л.Н. Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения в 2014 году. [Текст] / Сауекенова Л.Н., Бармагамбетова Г.Н., Нугуманов Т.К. // Статистический сборник. – Астана: 2015. – 360 с.
- 5 Walter W. Holland, Stewart S., Masseria C. Screening in Europe. - Geneva: European observatory on health systems and policy,WHO, 2008. – 76 p. – С.2-6.
- 6 World Cancer Report 2008 (Ed. by Peter Boyle and Bernard Levin) // http://www.iarc.fr/en/publications/pdfs-online/wcr/2008/wcr_2008.

С.Т.ТАЖБЕНОВА, Л.С.ЕРМУХАНОВА, М.А.АРТЫКБАЕВА

Западно-Казахстанский государственный медицинский университет имени Марата Оспанова, Актобе, Казахстан

УРОВЕНЬ И СТРУКТУРА ЗЛОКАЧЕСТВЕННЫХ НОВООБРАЗОВАНИЙ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Резюме: В данной статье представлены результаты ретроспективного анализа уровня и структуры злокачественных новообразований в Актобинской области за 2011-2015 годы. В 2015 году определены увеличение заболеваемости злокачественными новообразованиями на 1,1 раза, уменьшение смертности от злокачественных новообразований на 1,3 раза, увеличение доли впервые выявленных больных злокачественными новообразованиями I-II стадий на 2%, доли впервые выявленных больных злокачественными новообразованиями IV стадий на 1,2% и показателя 5 летней выживаемости на 1,1%. В структуре заболеваемости злокачественными новообразованиями на первом месте стоит рак молочной железы, затем рак легких, желудка и кожи.

Ключевые слова: злокачественные новообразования, ранняя диагностика, поздняя диагностика, 5 летняя выживаемость.

S.T. TAZHBENOVA, L.S. YERMUHANOVA, M.A. ARTYKBAEVA

West Kazakhstan Marat Ospanov State Medical University, Aktobe, Kazakhstan

THE LEVEL AND STRUCTURE OF MALIGNANT TUMORS IN AKTOBE REGION

Resume: This article presents retrospective analysis results of the level and structure of malignant tumors in Aktobe region for the years 2011-2015. Increase in cancer incidence by 1,1 times, decrease in mortality from cancer by 1,3 times, increase of 2% in the proportion of new cancer cases of stage I-II and increase of 1,2% in the proportion of new cancer cases of stage IV, and increase of 1,1% in the 5 year survival rate are identified in 2015. Mammary cancer is in the first place, lung cancer, stomach cancer and skin cancer are the next in the structure of morbidity malignant tumors.

Keywords: malignant tumors, early diagnosis, late diagnosis, 5 year survival rate.